

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ЕҢБЕК НАРЫҒЫНДАҒЫ
АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ КӘСІПТЕРІНІҢ ЖАС МАМАНДАРЫ**

**YOUNG SPECIALISTS IN AGRICULTURAL PROFESSIONS
ON THE LABOR MARKET OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN**

**МОЛОДЫЕ СПЕЦИАЛИСТЫ СЕЛЬСКОХОЗЯЙСТВЕННЫХ ПРОФЕССИЙ
НА РЫНКЕ ТРУДА РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН**

Ж.К. ЕРЖАНОВА^{1*}

Э.ғ.к.

А.К. ДОСАНОВА¹

экономика ғылымдарының магистрі

Х.Р. ПИРМАТОВ²

Ph.D, доцент

¹Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университеті,
Орал, Қазақстан

²Ташкент ирригация және ауыл шаруашылығын механикаландыру инженерлері
институты, Ташкент, Өзбекстан

*автордың электрондық поштасы: ganar_000@mail.ru

Ж.К. ЕРЖАНОВА^{1*}

C.E.Sc

А. ДОСАНОВА¹

Master of Economic Sciences

Х.Р. ПИРМАТОВ²

Ph.D, Associate Professor

¹Zhangir khan West Kazakhstan Agrarian and Technical University, Uralsk, Kazakhstan

²Tashkent Institute of Irrigation and Agricultural Mechanization Engineers, Tashkent, Uzbekistan

*corresponding author e-mail: ganar_000@mail.ru

Ж.К. ЕРЖАНОВА^{1*}

К.Э.Н.

А.К. ДОСАНОВА¹

магистр экономических наук

Х.Р. ПИРМАТОВ²

Ph.D, доцент

¹Западно-Казахстанский аграрно-технический университет им. Жангир хана,
Уральск, Қазақстан

²Ташкентский институт инженеров ирригации и механизации сельского хозяйства,
Ташкент, Узбекистан

*электронная почта автора: ganar_000@mail.ru

Аңдатпа. Зерттеудің уақтылығы ауыл шаруашылығын заманауи цифрлық экономика жағдайларына бейімделген бәсекеге қабілетті мамандармен қамтамасыз ету қажеттілігіне байланысты. Еліміздің аграрлық нарығын дамытуда жалақының өсуіне, еңбек жағдайларының жақсаруына бастамашы болған мемлекеттік бағдарламаларға қарамастан, ауыл жастарының ауыл шаруашылығы өндірісіне уәждемесі жоқ. Мақалада салалар бойынша жұмыспен қамту деңгейі, басқа секторлармен салыстырғанда әлі де төмен болып қалатын динамикадағы табыс көздерінің мөлшері, аграрлық саланы жас кадрлармен толықтыру проблемаларын шешу мүмкіндіктері қарастырылған. Кадр саясатының басты міндеті Жастар жұмыссыздығын азайту, жас ұрпақтың әлеуметтік мәртебесін нығайту, кәсіби құзыреттерге сәйкес келетін білім алу мен жұмысқа орналасудың нақты мүмкіндіктерін ұсыну болып табылады. Мақсаты – ауылдық елді мекендерде жұмыспен қамтылған жас қызметкерлер санын азайтудың негізгі факторларын айқындау, жас жұмысшы кадрлардың кетуін қысқартудың,

Abstract. The relevance of this study stems from the need to ensure the agricultural sector is staffed with competitive professionals who are adapted to the conditions of the modern digital economy. Despite government programs aimed at increasing wages and improving working conditions, there is still a lack of motivation among rural youth to engage in agricultural production. This article examines employment levels by industry, income dynamics - which remain lower than in other sectors, and opportunities to address the shortage of young professionals in the agricultural sector. The main objective of human resources policy is to reduce youth unemployment, enhance the social status of young people, and provide real opportunities for education and employment that match their professional competencies. *The goal* is to identify the main factors behind the declining number of young workers in rural areas and to propose effective measures for reducing the outflow of young labor and increasing their retention in villages. *Methods* – analytical and comparative methods were used to justify conclusions about the importance of engaging youth in the agro-industrial complex; mathematical tools were applied for the quantitative assessment of economic indicators, and graphical methods were used to visually present research results. *Results* – the study analyzes the current state and prospects for the socio-economic development of rural areas and the dynamics of key indicators, explores youth employment programs, identifies the main causes of the shortage of in-demand young rural workers, and proposes effective methods to attract young specialists. *Conclusions* – the authors emphasize the necessity of innovative transformations in rural areas and the development of new training programs for qualified personnel in the agro-industrial sector who possess knowledge of innovative agricultural production technologies, taking into account international experience.

Аннотация. Своевременность исследования обусловлена необходимостью обеспечения сельского хозяйства конкурентоспособными специалистами, адаптированными к условиям современной цифровой экономики. В развитии аграрного рынка страны, несмотря на государственные программы, инициирующие рост заработной платы, улучшение условий труда, отсутствует мотивация сельской молодежи к сельскохозяйственному производству. В статье рассмотрены уровень занятости по отраслям, размер источников дохода в динамике, который до сих пор остается более низким по сравнению с другими секторами, возможности решения проблем пополнения аграрной сферы молодыми кадрами. Главной задачей кадровой политики является уменьшение молодежной безработицы, укрепление социального статуса молодого поколения, предоставление реальных возможностей получения образования и трудоустройства, соответствующих профессиональным компетенциям. *Цель* – определение основных факторов снижения численности занятых молодых работников в сельских населенных пунктах, предложить эффективные меры сокращения оттока молодых рабочих кадров, повышения их закрепления в селах. *Методы* – аналитический и сравнительный применялись для обоснования вывода о роли вовлечения молодых людей в деятельность агроиндустриального комплекса, математические инструменты использовались при количественной оценке экономических показателей, графический – наглядно отражает итоги исследований. *Результаты* – проанализированы современное состояние и перспективы социально-экономического подъема сельских территорий, динамика их показателей, изучены программы трудоустройства молодежи, показаны основные причины дефицита востребованных молодых сельчан и предложены эффективные способы привлечения молодых специалистов. *Выводы* - представлена авторская позиция, констатирующая необходимость инновационных преобразований в сельской местности, разработки новых программ подготовки квалифицированного персонала для агропромышленного производства, владеющих инновационными технологиями производства сельскохозяйственной продукции с учетом зарубежного опыта.

Түйінді сөздер: Аграрлық нарық, жас мамандар, жастарды жұмысқа орналастыру, цифрлық экономика, инновациялар, инвестициялар, еңбек нарығын жетілдіру, кадрлар даярлау бағдарламалары.

Keywords: agricultural labor market, young specialists, youth employment, digital economy, innovation, investment, labor market improvement, workforce training programs.

Ключевые слова: аграрный рынок, молодые специалисты, трудоустройство молодежи, цифровая экономика, инновации, инвестиции, совершенствование рынка труда, программы подготовки кадров.

Мақала түсті: 08.04.2025. Сараптамадан кейін мақұлданған: 18.04.2025. Қабылданды: 29.05.2025.

Кіріспе

Аграрлық сектор – кез келген елдің экономикалық негіздерінің бірі, ол азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету, ауыл шаруашылығын дамыту және ауылдық аймақтардың әлеуметтік-экономикалық жағдайын жақсарту үшін маңызды рөл атқарады. Дегенмен, қазіргі таңда аграрлық нарықта жас мамандардың тапшылығы маңызды проблемаға айналып отыр. Жастардың ауыл шаруашылығы саласына қызығушылығының төмендеуі, білім беру жүйесінің қажеттіліктерге сәйкес келмеуі, еңбек нарығындағы бәсекелестіктің артуы және ауылдық аймақтардағы өмір сүру жағдайлары – бұл факторлардың барлығы жас мамандардың аграрлық секторға тартылуына кедергі келтіреді.

Жастар, оның еңбек потенциалы қай кезде де ел экономикасының базисі, оның болашақ дамуының негізі болып табылады. Осыған байланысты мемлекеттік органдар мен институттардың басты міндеті әлеуметтік статус тұрақтылығын, кәсіби деңгейіне сәйкес келетін білім алуы мен жұмысқа орналасуының нақты мүмкіндіктерін қамтамасыз ету үшін, әр жас адамның өз орнын табуына оптимальды жағдайлар жасау болып табылады.

Қазіргі уақытта аймақтарда жастарды жұмысқа орналастыру мен жұмыссыздықпен күресудің қалыптасқан бірнеше бағдарламалары жұмыс істеуде. Бұл бағдарламалар жастардың еңбек нарығына қолайлы жағдай жасайды дегенмен, мәселе толықтай шешілді деп айту қиын. Жаһандық технология дамуы өте шапшаң жүруіне байланысты қоғамдағы еңбек нарығын соған сай тез үйлестіріп отыру шарт, осының негізінде бұл бағдарламаларды да үнемі жаңартып отыру талап етіледі.

Жастар арасындағы жұмыссыздық аймақтық еңбек нарықтарында диспропорцияның кеңеюіне ықпал етеді, бұл сайып келгенде, аймақтардың үлкен әлеуметтік экономикалық дифференциациясына әкеледі. Өкінішке орай бұл бағдарламалар аймақтарда ғылыми негізделіп, жүйелі

жүргізілмеуіне, талдау жұмыстары жолға қойылмағандықтан өз мақсатына жете алмай жатады. Сондықтан өңірлік жастардың еңбек нарығын реттеуді ғылыми негіздеу мен жастар арасындағы жұмыссыздықпен күресудің практикалық құралдарын жасау бүгінгі өзекті мәселе болып қала бермек (Байдыбекова С.К., Сауранбай С.Б., Абенова Г.И.) [1].

Осыған орай, аграрлық нарықты жас мамандармен қамтамасыз ету мәселесін жан-жақты зерттеу және тиімді шешімдер ұсыну маңызды. Бұл зерттеу барысында біз аграрлық сектордағы кадр тапшылығының себептерін анықтап, жастарды тарту мен ұстап қалудың тиімді жолдарын ұсынамыз. Жас мамандардың біліктілігін арттыру, олардың кәсіби дамуына жағдай жасау, ауылдық аймақтағы өмір сүру сапасын жақсарту – бұл мәселелердің барлығы аграрлық нарықты дамыту үшін шешуші факторлар болып табылады (Bjerke L., Johansson S.) [2].

Әдебиетке шолу

Аймақтың дамуын және ондағы адам ресурстарының орнын зерттеуді алғашында батыстық экономика ғылымының ғалымдары жүргізгендіктен, шетелдік зерттеушілердің көп жұмысы адам ресурстары мен аймақтың бәсекеге қабілеттілігін бағалау мәселелеріне арналған. Соның ішінде классик экономистер: Смит А., Рикардо Д., Кейнс Дж., Белл Д., Тоффлер А. және Шумпетер Дж. еңбектері еңбек ресурстарын бағалауға арналды.

Зерттеулер көрсеткендей, жастардың ауыл шаруашылығына қызығушылығының төмендеуі бірнеше факторларға байланысты. Көптеген авторлар (Байдыбекова С.К., Сауранбай С.Б., Сыздыкова Э.Ж.) [3] ауылдық аймақтардағы өмір сүру сапасының төмендігі, инфрақұрылымның дамуы және әлеуметтік қолдаудың жетіспеушілігін атап өтеді. Сонымен қатар, аграрлық сектордың имиджі мен бағалану деңгейі жастар арасында агрономия, мал шаруашылығы және басқа да ауыл шаруа-

шылығы салаларына деген қызығушылықты төмендетеді (Dyba M., Gernego Iu.) [4].

Адам ресурстарын маңызды бәсекелестік фактор ретінде қарастыру осы бағыттағы қазіргі зерттеушілер Клейтон П., Горман Г., Мартинес Дж., Пирнгрубер Р., Петрик Дж., Филлипс Дж., Осранек Р., Трейси В., Утинг П., Вермейер В., Уиттл С. және т.б. арасында да белсенді пікірталас тудырды.

Теориялық және әдіснамалық тұрғыдан аймақтық саясаттың кең тәжірибесін ескере отырып Ресейлік экономистер: МакИнтайр Р., Фей К., Антохин А., Бойков В., Вишневская Н.Г. және Волковтың В. зерттеулері құнды болып табылады (Семин А.Н.) [5].

Еңбек ресурстарын зерттеуде келесі қазақстандық экономист ғалымдар Абилдаев С., Альмерекоев Н., Аманова Ж., Бримбетова Н., Игнатьева О., Копеева Г., Кашкимбаева К., Тажибаева Р. және басқалар еңбектері құнды болып табылады.

Аграрлық білім беру жүйесі – жас мамандарды даярлаудағы негізгі құрамдас бөлік. Сапалы білім беру бағдарламалары мен тәжірибелік тәжірибе жастардың аграрлық саладағы біліктіліктерін арттыруға мүмкіндік береді (McDonagh J.) [6]. Дегенмен, көптеген зерттеушілер білім беру жүйесінің ауыл шаруашылығының заманауи талаптарына сәйкес келмейтіндігіне назар аударады. Бұл мәселені шешу үшін білім беру бағдарламаларын жаңарту, практика мен теорияны үйлестіру, және жастарды аграрлық салада жұмыс істейтін кәсіби мамандармен байланыстыру қажет (Anderson M.D.) [7].

Жастарды жұмыспен қамту және жұмыссыздықтың мәселелеріне арналған ғылыми еңбектердің айтарлықтай санына қарамастан олардың көптеген теориялық және әдістемелік логикалық аспектілері жеткілікті зерттелмеген (Бегеева М.К., Айтаханов Е.К., Есжанова А.А.) [8]. Әлеуметтік еңбек қатынастары жүйесіндегі жастардың еңбек нарығының мәнін, рөлі мен орнын анықтау мәселелері әлі де пікірталас тудыруда (Байдаков А.К., Беспяева Р.С., Досумова Ж.С.) [9]. Жастар жұмыссыздығын болдырмауға бағытталған бағдарламалар көп болғанымен, әлі де жүйелі бағдарлама жасалмады (Christiaan S.) [10].

Соның нәтижесінде қазіргі жағдайда жергілікті жастардың еңбек нарығын реттеу проблемасы бойынша теориялық және тәжірибелік зерттеулерді толықтыру қажет (Куязова С.К., Куязов Е.К., Машрапов Н.К. и др.) [11].

Материалдары мен әдістері

Жұмыстың теориялық базасын қалыптастыруда отандық және шет елдік авторлардың еңбек ресурстары жөніндегі еңбектері алынды.

Зерттеу барысында аграрлық нарықтағы жастар еңбек ресурстарының қазіргі жағдайын талдау мен оларды басқару бойынша тиімді әдістерін қалыптастырудың түрлі әдістері қолданылды.

Негізгі әдіс ретінде Қазақстанның әртүрлі аймақтарындағы жастар еңбек ресурстарының демографиялық көрсеткіштері динамикада талданды. Бұл деректер қолжетімді көздерден алынып, жылдарды өзгеру динамикасын анықтау мақсатында өңделді. Нәтижесінде аграрлық нарықтағы жастар еңбек ресурстарының динамикасына әсер ететін негізгі факторлар анықталып, олардың тиімді қалыптасуына ықпал ететін негізгі қауіптер анықталды.

Зерттеудің құрамдас бөлігі ретінде Қазақстан Республикасының аграрлық саласында қызмет етіп жатқан еңбек ресурстарының жағдайын жалпы мониторинг жасалды. Мониторинг қадамдары, аграрлық нарықтағы жастар еңбек ресурстарының жұмыспен қамтылуы, жұмыссыздық мәселелері мен қазіргі цифрлық экономика жағдайында қажетті дағдыларды сіңіре отырып қажетті сала мамандарын дайындау жағдайы қаралды.

Бұл әдіс осы аграрлық ортада қалыптасқан еңбек жағдайларына қарай еңбек ресурстарын тиімді ұйымдастыруды қарастыруға, аграрлық нарықтағы жастар еңбек ресурстарының қалыптасқан жағдайын талдау нәтижесінде алынған мәліметтер нәтижелерін тиімді негіздеуді жүзеге асыруға мүмкіндік береді.

Нәтижелер

Қазіргі уақытта аграрлық еңбек нарығында жұмыс күшімен қамтамасыз ету мәселесі өзекті болып отыр. Ауылдағы жұмыс орындарының тапшылығы мен қолайсыз жұмыс жағдайлары, ауыл шаруашылығының маусымдылығы мен жалақы мөлшерінің төмендігі ауылға жас мамандар келуін тежеуші факторлар болып отыр.

Еңбекпен қамтуды реттеудің негізгі бағыттарының бірі экономиканы дамыту болып табылады, халықты жұмыс орындарымен қамтамасыз ете алатын табысы аз кәсіпорындарды қолдау; жаңа жұмыс орындарын ашу және басқа да шаралар. Осы бағытта шағын және орта кәсіпкерлікті дамыту жұмыссыздық деңгейін төмендетуде үлкен маңызға ие. Шағын және орта кәсіпкерлік жаңа жұмыс орындарын ашуға ықпал етеді, инновацияларды ынталандырады, жер-

гілікті экономикалардың дамуына септігін тигізеді және қоғамды байытады (Akhmetzhanova N.A., Tapalova A., Gabbassova Z. et al.) [12].

Қазіргі шаруашылық жағдайларын сипаттайтын белгісіздік деңгейі, институционалдық механизмдердің тұрақты трансформациясымен байланысты, ауылдық аумақтарда орналасқан шаруашылық субъектілерінде жас мамандардың бейімделу процесіне елеулі әсер етеді. Бұл бейімделу екі кезеңмен байланысты: білім беру кезеңі (маманды даярлау деңгейінде) және өндірістік кезең (кәсіби міндеттерді орындау деңгейінде) (Асанова М. К., Рахимжанова Р. А., Мусина С. Т. и др.) [13].

Қазіргі жағдайда аграрлық білім беру мекемелерінің түлектерін нақты экономика-

лық сектор мен ауылдық аумақтардың жұмыс істейтін жағдайларына бейімдеу үшін жаңа формалар мен механизмдер әзірлеу қажеттігі туындап отыр. Аграрлық білім беру мекемелерінің түлектерін өндірістік процестер мен әлеуметтік-еңбек саласына бейімдеуде аграрлық мамандықтар бойынша білім беретін оқу орындарының ролін күшейту қажет. Қазіргі цифрлық экономика жағдайында тиімді жұмыс жасау үшін аграрлық саланы да жаңа ғылыми технологияларды енгізе отырып ұйымдастыруда ауыл шаруашылығы саласының маманына жаңа талаптар қояды. Қызмет түрлері бойынша жұмыспен қамтылған жастар туралы көрсеткіштерді келесі кестеден көруге болады (1 кесте).

1 кесте – Қазақстан Республикасында экономикалық қызмет түрлері бойынша жұмыспен қамтылған жастар (15-34 жас аралығында), мың адам

Көрсеткіштер	2019	2020	2021	2022	2023	2023ж. 2019ж., % қатынасы
Экономикада жұмыспен қамтылған халық	2045,9	2019,4	1985,8	1813,8	3555,8	173,80
Ауыл, орман және балық шаруашылығы	250,2	246,1	238,6	203,2	381,4	152,44
Өнеркәсіп	232,5	213,3	213,2	183,3	404,9	174,15
Құрылыс	144,8	148,5	143,9	124,7	247,4	170,85
Көтерме және бөлшек саудада сату; автомобильдерді және мотоциклдерді жөндеу	368,1	356,9	353,5	335,0	599,1	162,75
Көлікжәнежинақтау	125,3	113,4	120,7	113,7	225,7	180,12
Білім беру	235,0	227,7	232,1	209,7	449,0	191,06
Денсаулық сақтау және халыққа әлеуметтік қызмет көрсету	110,5	111,5	114,6	110,6	219,5	198,64
Көрсетілетін қызметтердің өзге де түрлерін ұсыну	579,5	602,0	569,2	533,6	1028,8	177,53
Ескерту: Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігінің Ұлттық статистика бюросының мәліметтері негізінде автормен құрастырылды						

Кестедегі мәліметтері бойынша 2023 жылы 2021 жылға қарағанда жұмыспен қамтылған жастар үлесі 73,8%-ға артқан және соның ішінде ауыл, орман және балық шаруашылығындағы жастар үлесі жалпы жұмыспен қамтылған жастардың үлесі 2021 жылы 12,22% болса, 2023 жылы бұл көрсеткіш 10,72% болып төмендеген. Жалпы жұмыспен қамтылған жастардың ішінде ең көп бөлігін көтерме және бөлшек саудада сату; автомобильдерді және мотоциклдерді жөндеудегі жастар үлесі 16,84%.

Қазақстан Республикасында еңбек нарығындағы жастардың негізгі индикаторларын 2 кестеден көруге болады.

Кесте мәліметтері бойынша еліміздегі жастар арасындағы жұмыс күші өскен, соның ішінде ауылдағы жұмыс күші 2021

жылға қарағанда 67,61% артқан. Бұл қозғалысты жалпы жастар санының артуымен де түсіндіруге болады, себебі жылдық көрсеткіште 2021 жылы ауылдағы жұмыс күші жалпы жұмыс күшінің 40,82% құраса, 2023 жылы сәйкесінше 38,30% құрайды. Бұл ауылдағы жастардың жұмыс күшінің азаю тенденциясын көрсетеді. Ауылдағы жұмыспен қамтылғандардың ішінде жалдамалы қызметкерлер мен өзін-өзі жұмыспен қамтыған қызметкерлердің аралық қатынасы жылдарда көп өзгеріссіз, 2021 жылы жалдамалы қызметкерлер 69,30%, ал 2023 жылы олардың үлесі 69,36%. Жастар жұмыссыздығы деңгейі де жылдарда көп өзгеріссіз болғанымен, ұзақ мерзімді жұмыссыздық деңгейі азайған.

2 кесте – Қазақстан Республикасында еңбек нарығындағы жастардың негізгі индикаторлары

Көрсеткіштер	2021		2022		2023		2023ж. 2021ж. қарағанда % ауытқуы	
	барлығы	ауыл	барлығы	ауыл	барлығы	ауыл	барлығы	ауыл
Жұмыс күші, мың адам	2063,4	842,3	1885,7	731,5	3685,7	1411,8	178,62	167,61
Жұмыспен қамтылған халық, мың адам	1985,8	815,0	1813,8	707,8	3555,8	1365,9	179,06	167,59
Жалдамалы қызметкерлер, мың адам	1565,1	564,8	1405,8	468,6	2784,4	947,4	177,9	167,74
Өзін-өзі жұмыспен қамтылған қызметкерлер, мың адам	420,7	250,2	408,0	239,2	771,4	418,5	183,36	167,26
Жұмыссыз халық, мың адам	77,6	27,3	71,9	23,7	129,9	46,0	167,39	168,49
Жастар жұмыссыздығының деңгейі, %	3,8	3,2	3,8	3,2	3,5	3,3		
Ұзақ мерзімді жұмыссыздық деңгейі, %	1,9	2,1	2,1	2,3	0,9	1,1		
Жұмыс күші құрамына кірмейтін адамдар, мың адам	1343,0	517,7	1434,9	506,0	1682,2	598,2	125,25	115,54

Ескерту: Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігінің Ұлттық статистика бюросының мәліметтері негізінде автормен құрастырылды

Айрықша қауіптілік ауылдық жерлердегі жастардың тұрмыстық жағдайының нашарлығында жатыр, олар өз бетінше қалаға қоныс аударып, жұмыс табуға ұмтылады, алайда тиісті білім мен біліктілікке ие болмауы немесе оларды қанағаттанарлық табыс деңгейіне жету үшін қалай қолдануды білмеуі мүмкін. Жастардың көптеп қоныс

аударуы қалада жастар арасындағы жұмыссыздық деңгейін потенциалды түрде арттырады, бұл әлеуметтік-экономикалық турбуленттіліктің факторы болып табылады.

Келесі қаралатын мәселе ол қызметтің негізгі түрлері бойынша орташа айлық жалақы (3 кесте).

3 кесте – Экономикалық қызметтің негізгі түрлері бойынша орташа айлық жалақы, теңге

Көрсеткіштер	2020ж.	2021ж.	2022ж.	2023ж.	2024ж.	2024ж. 2020ж. қарағанда, % қатынасы
Барлығы, орташа	213 003	250 311	309 697	364 295	402 626	189,02
соның ішінде:						
Ауыл, орман және балық шаруашылығы	130 178	150 705	190 086	222 532	262 384	201,55
Өнеркәсіп	285 521	327 090	418 811	496 733	564 800	197,81
Құрылыс	252 504	300 887	416 940	477 821	511 043	202,39
Көтерме және бөлшек сауда; автомобильдерді және мотоциклдерді жөндеу	186 243	217 783	268 469	319 218	362 074	194,40
Білім беру	165 292	205 183	248 575	281 991	302 087	182,75
Денсаулық сақтау және халыққа әлеуметтік қызмет көрсету	175 484	227 618	249 834	292 730	314 053	178,96

Ескерту: Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігінің Ұлттық статистика бюросының мәліметтері негізінде автормен құрастырылды

Орташа айлық жалақы динамикасына қарай отырып жылдарда жалақының орташа мөлшерінің өскенін көреміз. Экономикалық қызметтің негізгі түрлері бойынша орташа айлық жалақы 2024 жылы 2020 жылға қарағанда 89,02%-ға артқан. Соның ішінде ауыл, орман және балық шаруашылығының қызметкерлерінің орташа айлық жалақысы 101,55% артқан. Дегенмен ауыл, орман және балық шаруашылығының қызметкерлерінің орташа айлық жалақысы орташа жалақыны мөлшерінен 34,83% төмен.

Жалақының артуы ауылды шаруашылығы жұмыстарына сұраныс тудырғанымен оның орташа жалақыдан төмендігі мен инфляция деңгейінің жоғарылығы жалақының мөлшерінің артуына деген сұраныс тудыратыны заңдылық. Ауыл, орман және балық шаруашылығындағы орташа жалақы мөлшерінің артуы ауылдық жерлердегі тұрмыс

деңгейінің артуына жақсы әсер еткенмен, бұл басқа салалармен салыстырғанда төмен деңгейде қалып отыр.

Сондықтан ауыл шаруашылығында ілгерілеу үшін ауыл шаруашылығына инвестиция тарту қажеттілігі жыл сайын артуда. Ауыл шаруашылығы саласындағы инвестициялар құрылымында ең үлкен көлем мал шаруашылығына бағытталған: 59,2 млрд. теңге - 2023 жылдың қаңтар-наурыз айларымен салыстырғанда қаржы көлемі 1,5 есе артық. Айта кету керек, мал шаруашылығы саласына бағытталған инвестициялардың жалпы ауыл шаруашылығы секторындағы үлесі бір жылда 26,5%-дан 48,2%-ға дейін өсті.

Жоғарыда көрсетілген мәліметтерді ескере отырып қызметкерлердің орташа жалақысы негізінде диаграмма түрінде қарастырсақ (сурет).



Ескерту: Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігінің Ұлттық статистика бюросының мәліметтері негізінде автормен құрастырылды

Сурет – Экономикалық қызметтің негізгі түрлері бойынша орташа айлық жалақы, мың теңге

Диаграммдан көріп отырғанымыздай фермерлер мен ауыл, орман және балық шаруашылығы саласы қызметкерлерінің жалақысы еліміздегі ең төмендердің бірі болып қала береді – 2023 жылы бұл саладағы жалақы 222 532 теңгені құрады. Статистикалық деректерге сәйкес, соңғы бес жылда ауыл шаруашылығында жұмыс істейтін қызметкерлердің жалақысы өсіп, 130 178 теңгеден 262 384 теңгеге жеткен. Дегенмен, фермерлердің жалақысы басқа қызмет салаларымен салыстырғанда ең тө-

мендерінің бірі болып отыр. Мысалы ауыл, орман және балық шаруашылығы жұмысшылар 2024 жылы 262 384 теңге алса, құрылыс саласы 511 043 теңге, өнеркәсіп 564 800 теңге, білім беруде 302 087 теңгені құраған.

Талқылау

Қазіргі қалыптасқан ағымдағы үрдістер жалғаса берсе оңтүстікте аграрлық сектормен айналысатын адамдар артады, ал солтүстікте ауыл шаруашылығында жастар саны азаяды. Жастар санының өсуі үш мегаполисте миграциямен тығыз байланыс-

ты екендігін есепке алу қажет (Смагулова Н.Т., Байгелова А.Н., Саурукова А.К.) [14]. Бәсекеге қабілетті және өркениетті еңбек нарығын қалыптастырудың негізгі мәселесі жұмыссыздық деңгейі, әсіресе жастар арасында. Республикадағы халықты жұмыспен қамту мәселелерін шешу үшін түрлі бағдарламалар әзірленіп, жұмыстар жүргізілді. Оларға «Бірінші жұмыс орны», «Жол картасы», «Жас маман» жобасы, «Дипломмен – ауылға» бағдарламасы және т.б. бағдарламаларды жатқызуға болады (Srivastava A.K., Logar B., Sanghvi S. et al.) [15].

Қазіргі уақытта жасанды интеллект пен технологиялар жаңа білім беру мамандықтарын ашуды қажет етеді және білім беру ұйымдарына қоғам өзгерістеріне сай тез бейімдеп дайындауды талап етеді. Қызметкерлерге қойылатын талаптардың үнемі өзгеріп отыруы аясында қосымша білім алуға ерекше көңіл бөлу қажет, себебі бұл кәсіби білім деңгейін және практикалық дағдыларды жүйелі түрде арттыруға мүмкіндік береді. Осы мақсатта жеке қаражат есебінен қосымша білімге инвестиция салу маңызды, өйткені бұл болашақта жоғары ақы төленетін жұмысқа орналасуға, мансаптық өсуге, лайықты жалақы түрінде табыс деңгейін арттыруға мүмкіндік береді.

Еңбек нарығын дамыту мен жетілдірудің негізгі шараларының бірі – еңбек нарығында тұрақты мониторинг жүргізу, оған еңбек нарығындағы сұраныс пен ұсынысты зерттеу кіреді (Fennell S., Kaur P., Jhunjhunwala A. et al.) [16]. Оқу жүйесінің баяу өзгеруі жағдайында қоғам жастарды үнемі өзгеріп отыратын еңбек нарығына тез арада интеграциялау үшін жаңа құралдар іздеуі керек. Түрлі дағдыларды (soft, hard, green skills) алу және дамыту – жастардың алдында тұрған қиындықтарға тиімді жауап берудің бір жолы.

Қорытынды

Аграрлық секторда жас мамандарды жұмысқа тарту шаралары өте маңызды, өйткені бұл сала ел экономикасы үшін шешуші рөл атқарады. Жас мамандарды тарту үшін бірнеше тиімді шараларды ұсынуға болады:

1. Білім беру мен кәсіби дайындауды жақсарту. Аграрлық мамандықтар бойынша жоғары оқу орындары мен колледждерде арнайы курстар мен бағдарламаларды көбейту, дуальді оқытуды қалыптастыра отырып, аграрлық салада инновациялық технологияларды енгізу мен жаңа білім беру әдістерін қолдану арқылы мамандарды жаңаша оқыту.

2. Мемлекеттік қолдау және гранттар. Жас мамандар үшін білім алу мен жұмысқа орналасу кезінде арнайы гранттар мен субсидиялар ұсыну, аграрлық секторда жаңа

жобаларды іске асыратын жас мамандарға қолдау көрсету үшін мемлекеттік бағдарлама мен несие беру мүмкіндіктерін кеңейту, жас кәсіпкерлерге агробизнес ашу үшін қаржылай және заңнамалық көмек көрсету.

3. Аграрлық саладағы еңбек жағдайларын жақсарту. Жас мамандар үшін тұрақты және жоғары жалақы ұсыныстарын жасау, қала мен ауыл арасындағы өмір сапасының айырмашылығын азайту, ауылдық жерлерде инфрақұрылымды жақсарту.

4. Технологиялар мен инновацияларды енгізу. Аграрлық салада заманауи технологиялар мен цифрлық құралдарды қолдануды насихаттау, жас мамандарға арналған инновациялық бағдарламалар мен стартаптар құру үшін қолдау көрсету, автоматтандырылған және робототехника жүйелерін қолдана отырып жұмыс тиімділігін арттыру.

5. Мамандарды мотивациялау. Аграрлық саладағы еңбеккерлер үшін бонустар, сыйақылар мен мансаптық өсу мүмкіндіктерін ұсыну, әлеуметтік және мәдени қызметтерді дамыту арқылы ауылдағы өмір деңгейін жақсарту, жас мамандарға арнап кәсіби даму бағдарламаларын ұйымдастыру, тренингтер мен семинарлар өткізу.

6. Қоғамдық пікірді өзгерту. Аграрлық сектордың маңыздылығын түсіндіру және ауыл шаруашылығы мамандықтарын құрметтеу, ауыл шаруашылығында жұмыс істейтін жастардың жетістіктерін көрсету арқылы саланы танымал ету, аграрлық сектордағы жұмысқа қызықтыратын жарнамалық және ақпараттық кампаниялар ұйымдастыру.

Авторлардың үлесі: Ержанова Жанар Құттықбаевна: зерттеудің мақсаты мен міндеттерін, өзектілігін негіздеу, басылымды өңдеу; Досанова Алия Карамановна: әдеби шолу жазу, алынған нәтижелерді түсіндіру және сипаттау, сандық мәліметтерді жинау және талдау; Пирматов Хабибулло Рахматуллаевич: зерттеу әдістерін сипаттау және үйлестіру, зерттеу нәтижелерін тұжырымдау.

Мүдделер қақтығысы: мүдделер қақтығысы жоқ.

Әдебиеттер тізімі

[1] Байдыбекова, С.К. Рынок труда и проблемы формирования занятости в Республике Казахстан / С.К. Байдыбекова, С.Б. Сауранбай, Г.И. Абенова // Вестник Казахского университета экономики, финансов и международной торговли. - 2023. - № 1 (50). - С.80-88.

[2] Bjerke, L. Innovation in agriculture: An analysis of Swedish agricultural and non-agricultural firms// L. Bjerke, S. Johansson // Food Policy. - 2022. – Vol. 109. - P. 1–14.

[3] Байдыбекова, С.К. Рыноктруда молодежи в Казахстане: проблемы и пути решения / С.К. Байдыбекова, С.Б. Сауранбай, Э.Ж.

Сыздыкова // Вестник Карагандинского университета. - 2023. - № 1 (109). - С.140-151.

[4] Dyba, M. Private social investments as solution for rural development / M. Dyba, Iu. Gernego // *Management Theory and Studies for Rural Business and Infrastructure Development*. - 2018. - No 40(3). - P.320-328.

[5] Семин, А.Н. Адаптация молодых специалистов к работе в хозяйствующих субъектах, размещённых на сельских территориях / А.Н. Семин // *Экономика сельскохозяйственных и перерабатывающих предприятий*. - 2022. - № 8. - С.45-49.

[6] McDonagh, J. Rural futures and the future of the rural / J. McDonagh // *Sustainability*. - 2022. - N14 (11). - 6381. <https://doi.org/10.3390/su14116381>

[7] Anderson, M.D. Roles of rural areas in sustainable food system transformation/ M.D. Anderson // *Development*. - 2015.-N58(2-3). - P.256-262. <https://doi.org/10.1057/s41301-016-0003-7>.

[8] Берева, М.К. Казахстанское село: необходимость радикальных преобразований / М.К.Берева, Е.К.Айтаханов, А.А.Есжанова // *Проблемы агрорынка*. - 2024. - №3. - С.27-36.

[9] Байдаков, А.К. Оптимизация человеческого капитала аграрной сферы: цели, принципы и методы / А.К.Байдаков, Р.С.Беспаева, Ж.С.Досумова // *Проблемы агрорынка*. - 2024. №3. - С.188-196.

[10] Christiaanse, S. Rural facility decline: A longitudinal accessibility analysis questioning the focus of Dutch depopulation-policy / S. Christiaanse // *Applied Geography*. - 2020. - Vol.121. - 102251. <https://doi.org/10.1016/j.apgeog.2020.102251>

[11] Кунызова, С.К. Инвестиции в развитии человеческого капитала регионов Казахстана / С.К. Кунызова, Е.К. Кунызов, Н.К. Машрапов, Т.Я. Эрнazarov // *Вестник Казахского университета экономики, финансов и международной торговли*. - 2023. - №4(53). - С.235-243.

[12] Akhmetzhanova, N.A. Development of a methodology for assessing the efficiency of an agribusiness enterprise in using digital technologies / N.A. Akhmetzhanova, A.Tapalova, Z. Gabbassova, M. Saparbaev, Z. Yerzhanova // *Eastern-european journal of enterprise technologies*. - 2024. - Vol. 5. - N. 13 (131). - P. 212-225.

[13] Асанова, М.К. Влияние цифровизации на человеческие ресурсы и трудовые отношения / М.К. Асанова, Р.А. Рахимжанова, С.Т. Мусина, Е.А. Вечкинзова // *Вестник Казахского университета экономики, финансов и международной торговли*. - 2023. - №3 (52). - С.65-75.

[14] Смагулова, Н.Т. Роль цифровизации в повышении качества трудовых ресурсов / Н.Т.Смагулова, А.Н.Байгелова, А.К.Саурукова // *Central Asian Economic Review*. - 2022. - №2. - С.15-27.

[15] Srivastava, A.K. Vocational training and employability: A study in reference to skill development program from Gujarat, India / A.K.Srivastava, B.Logar, S.Sanghvi, A.Vaghela,

M.Adwani // *Evaluation and Program Planning*. - 2025. -Vol.110.- 102554.

[16] Fennell, S. Examining linkages between Smart Villages and Smart Cities: Learning from rural youth accessing the internet in India / S.Fennell, P.Kaur, A.Jhunjunwala, J.Bedi, Y.Singh // *Telecommunications Policy*. - 2018.- N 42(10). - P. 810-823.

References

[1] Baidybekova, S. K., Sauranbai, S. B., & Abenova, G. I. (2023). Rynok truda i problemy formirovaniia zaniatosti v Respublike Kazakhstan [Labor market and problems of employment formation in the Republic of Kazakhstan]. *Vestnik Kazakhskogo universiteta ekonomiki, finansov i mezhdunarodnoy trgovli – Bulletin of Kazakh University of Economics, Finance and International Trade*, 1 (50), 80-88 [in Russian].

[2] Bjerke, L., & Johansson, S. (2022). Innovation in agriculture: An analysis of Swedish agricultural and non-agricultural firms. *Food Policy*, 109, 1-14 [in English].

[3] Baidybekova, S.K., Sauranbai, S.B., & Syzdykova, E.Zh. (2023). Rynok truda molodezhi v Kazakhstane: problemy i puti resheniia [Youth labor market in Kazakhstan: problems and solutions]. *Vestnik Karagandinskogo universiteta – Bulletin of Karaganda University*, 1 (109), 140-151 [in Russian].

[4] Dyba, M., & Gernego, Iu. (2018). Private social investments as solution for rural development. *Management Theory and Studies for Rural Business and Infrastructure Development*, 40(3), 320-328 [in English].

[5] Semin, A.N. (2022). Adaptatsiia molodykh spetsialistov k rabote v khoziaistvuiushchikh subiektakh, razmeshchennykh na selskykh territoriiakh [Adaptation of young specialists to work in economic entities located in rural areas]. *Ekonomika sel'skokhoziaistvennykh i pererabatyvayushchikh predpriatii –Economics of Agricultural and Processing Enterprises*, 8, 45-49 [in Russian].

[6] McDonagh, J. (2022). Rural futures and the future of the rural. *Sustainability*, 14(11), 6381. <https://doi.org/10.3390/su14116381> [in English].

[7] Anderson, M.D. (2015). Roles of rural areas in sustainable food system transformation. *Development*, 58(2-3), 256-262. <https://doi.org/10.1057/s41301-016-0003-7> [in English].

[8] Begeeva, M.K., Aitakhanov, E.K., & Eszhanova, A.A. (2024). Kazakhstanskoe село: neobkhodimost' radikal'nykh preobrazovaniy [Kazakh village: necessity of radical transformations]. *Problemy agrorynka – Problems of AgriMarket*, 3, 27-36 [in Russian].

[9] Baidakov, A.K., Bespaeva, R.S., & Dossumova, Zh.S. (2024). Optimizatsiia chelovecheskogo kapitala agrarnoy sfery: tseli, printsipy i metody [Optimization of human capital in the agrarian sector: goals, principles, and methods]. *Problemy agrorynka – Problems of AgriMarket*, 3, 188-196 [in Russian].

[10] Christiaanse, S. (2020). Rural facility decline: A longitudinal accessibility analysis questioning the focus of Dutch depopulation-policy. *Applied Geography*, 121, 102251. <https://doi.org/10.1016/j.apgeog.2020.102251> [in English].

[11] Kuniiazova, S.K., Kuniiazov, E.K., Mashrapov, N.K., & Ernazarov, T.Ya. (2023). Investitsii v razvitiі chelovecheskogo kapitala regionov Kazakhstana [Investments in the development of human capital in the regions of Kazakhstan]. *Vestnik Kazakhskogo universiteta ekonomiki, finansov i mezhdunarodnoy trgovli – Bulletin of Kazakh University of Economics, Finance and International Trade*, 4 (53), 235-243 [in Russian].

[12] Akhmetzhanova, N.A., Tapalova, A., Gabbassova, Z., Saparbaev, M., & Yerzhanova, Z. (2024). Development of a methodology for assessing the efficiency of an agribusiness enterprise in using digital technologies. *Eastern-European Journal of Enterprise Technologies*, 5(13), 212-225 [in English].

[13] Asanova, M.K., Rakhimzhanova, R.A., Musina, S.T., & Vechkinzova, E.A. (2023). Vliianie tsifrovizatsii na chelovecheskie resursy i

trudovye otnosheniia [The impact of digitalization on human resources and labor relations]. *Vestnik Kazakhskogo universiteta ekonomiki, finansov i mezhdunarodnoy trgovli – Bulletin of Kazakh University of Economics, Finance and International Trade*, 3 (52), 65-75 [in Russian].

[14] Smagulova, N.T., Baigelova, A.N., & Saurukova, A.K. (2022). Rol' tsifrovizatsii v povyshenii kachestva trudovykh resursov [The role of digitalization in improving the quality of labor resources]. *Central Asian Economic Review*, 2, 15-27 [in Russian].

[15] Srivastava, A. K., Logar, B., Sanghvi, S., Vaghela, A., & Adwani, M. (2025). Vocational training and employability: A study in reference to skill development program from Gujarat, India. *Evaluation and Program Planning*, 110, 102554 [in English].

[16] Fennell, S., Kaur, P., Jhunjunwala, A., Bedi, J., & Singh, Y. (2018). Examining linkages between Smart Villages and Smart Cities: Learning from rural youth accessing the internet in India. *Telecommunications Policy*, 42(10), 810-823 [in English].

Авторлар туралы ақпарат:

Ержанова Жанар Куттыкбаевна – негізгі автор; экономика ғылымдарының кандидаты; Экономика, ақпараттық технологиялар және кәсіптік білім беру институтының доценті м.а.; Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университеті; 090009 Жәңгір хан көш., 51, Орал қ., Қазақстан; e-mail: ganar_000@mail.ru; <https://orcid.org/0000-0002-6935-593X>

Досанова Алия Карамановна; экономика ғылымдарының магистрі; Экономика, ақпараттық технологиялар және кәсіби білім беру институтының аға оқытушысы; Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университеті; 090009 Жәңгір хан көш., 51, Орал қ., Қазақстан; e-mail: Dosalia@mail.ru; <https://orcid.org/0000-0003-2590-229X>

Пирматов Хабибулло Рахматуллаевич; Ph.D, доцент; Ташкент ирригация және ауыл шаруашылығын механикаландыру инженерлері институтының доценті; 100170 Кары-Ниязи көш., 39, Ташкент қ., Өзбекстан; e-mail: x.pirmatov@tiame.uz; <https://orcid.org/0000-0003-1078-426X>

Information about authors:

Yerzhanova Zhanar - The main author; Candidate of Economic Sciences; Acting Associate Professor of the Institute of Economics, Information Technology and Vocational Education; Zhangir khan West Kazakhstan Agrarian and Technical University; 090009 Zhangir khan Ave., 51, Uralsk, Kazakhstan; e-mail: ganar_000@mail.ru; <https://orcid.org/0000-0002-6935-593X>

Dossanova Aliya; Master of Economic Sciences; Senior Lecturer of the Institute of Economics, Information Technology and Vocational Education; Zhangir khan West Kazakhstan Agrarian and Technical University; 090009 Zhangir khan Ave., 51, Uralsk, Kazakhstan; e-mail: Dosalia@mail.ru; <https://orcid.org/0000-0003-2590-229X>

Pirmatov Khabibullo; Ph.D, Associate Professor; Associate Professor of Tashkent Institute of Irrigation and Agricultural Mechanization Engineers; 100170, Kary-Niyazi str., 39, Tashkent, Uzbekistan; e-mail: x.pirmatov@tiame.uz; <https://orcid.org/0000-0003-1078-426X>

Информация об авторах:

Ержанова Жанар Куттыкбаевна – основной автор; кандидат экономических наук; и.о. доцента Института экономики, информационных технологий и профессионального образования; Западно-Казахстанский аграрно-технический университет им. Жангир хана; 090009 ул.Жангир хана, 51, г.Уральск, Қазақстан; e-mail: ganar_000@mail.ru; <https://orcid.org/0000-0002-6935-593X>

Досанова Алия Карамановна; магистр экономических наук; старший преподаватель Института экономики, информационных технологий и профессионального образования; Западно-Казахстанский аграрно-технический университет им. Жангир хана; 090009 ул. Жангир хана, 51, г.Уральск, Қазақстан; e-mail: Dosalia@mail.ru; <https://orcid.org/0000-0003-2590-229X>

Пирматов Хабибулло Рахматуллаевич; Ph.D, доцент; доцент Ташкентского института инженеров ирригации и механизации сельского хозяйства; 100170 ул. Кары-Ниязи, 39, г.Ташкент, Узбекистан; e-mail: x.pirmatov@tiame.uz; <https://orcid.org/0000-0003-1078-426X>